

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 28 сәуір 2023 жыл

"Магистральдық Суағызғысы" ЖШС "Астрахань-Маңғышлақ" магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту 1 кезек" жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру үшін 50 млрд теңге тартылды

2023 жылы 24 сәуірде "Магистральдық Суағызғысы" ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) 50 млрд теңге сомасына жобаны қаржыландыру мақсатында шығарылған облигациялары Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне "Жеке орналастыру" алаңына енгізілді. Облигациялар шығарудың негізгі шарттары: облигациялар саны - 50 млн дана, облигациялардың номиналды құны – 1000 теңге, облигациялар бойынша сыйақы – жылдық 0,5% (жылына екі рет төленеді), облигациялардың айналыс мерзімі - 10 жыл.

2023 жылғы 27 сәуірде "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) мен Серіктестік арасында жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарты шеңберінде ҚМГ жоғарыда аталған Серіктестіктің облигацияларын сатып алынды.

Өз кезегінде, ҚМГ Серіктестікке дағдарысқа қарсы қаражат беру үшін "Самұрық-Қазына" АҚ-дан ұқсас облигациялық қарыз тартылды. 2023 жылғы 24 сәуірде ҚМГ-ның 50 млрд теңге сомасындағы облигациялары Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне "Жеке орналастыру" алаңына енгізілді.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2022 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімімен жобаны іске асыруға "Самұрық-Қазына" АҚ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 70 млрд теңге көлемінде дағдарысқа қарсы қаражат бөлінді. "Самұрық-Қазына" АҚ 20 млрд теңге көлемінде бөлінген қаражаттың қалған бөлігін ҚМГ-ға 2023 жылдың соңына дейін ұқсас облигациялық қарыз түрінде беруді жоспарлап отыр. ҚМГ алынған дағдарысқа қарсы қаражатты Серіктестікке бағыттайды.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі**